

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ішкі талдау жүргізу
нәтижелері туралы
АНЫҚТАМАСЫ**

Жаңатас қаласы

27.06.2025 жыл

Ішкі талдау объектісі: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (*әрі - қарай Кәсіпорын*).

Мекеменің мекен-жайы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 5 мөлтек ауданы №1 . Жұмыс телефоны: 8 72634 62614.
Электрондық поштасы: kolledzh@mail.kz.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы:

- Кәсіпорын директоры Туйтебаева Нурландия Ералиевна.
- Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Коданов Дуйсенбай Ойыкбаевич.
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Койлыбекова Акнур Дуйсеновна.
- Бас бухгалтер - Тойшибаева Айсулу Кенесовна.
- Кадр бөлімінің меңгерушісі - Айнекова Гульжан Дуйсенбаевна,
- Мемлекеттік сатып алу туралы менеджер - Есжанова Гульзат Шоханқызы.
- Заңгер, комплаенс офицер – Байтанова Айнур Сериковна.

Комиссия тобы кәсіпорынның директоры Н.Е.Туйтебаеваның 2025 жылғы 8 мамыр айында № 45-1 Ө/Қ бұйрығымен құрылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2024 жылдың 01 маусым айынан – 2025 жылдың 01 маусым айы аралығы.

Ішкі талдаумен 2024 жылдың маусым айы мен 2025 жылдың 1, 2 тоқсан аралығы қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілді.

Кәсіпорында 6 бөлім құрылған:

1. Әкімшілік бөлімі.
2. Қаржы бөлімі.
3. Шаруашылық бөлімі.
4. Оқу ісі бөлімі.
5. Әдіскер бөлімі.

6. Тәрбие ісі бөлімі.
7. Өндірістік шеберлер бөлімі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар мен өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

I. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау.

Кәсіпорын өз қызметінде басшылыққа алатын және олардың негізгі қызметін қозғайтын төмендегі нормативтік-құқықтық актілер зерделенді:

Кәсіпорынында бекітілген Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызмет етеді. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар анықталған жоқ.

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Қызметкерлер құрамын басқару бойынша:

Кәсіпорын қызметкерлер саны – 102 қызметкер. Оның ішінде педагогтар саны – 67.

2024 жылы маусым айынан желтоқсан айы аралығында: жұмыстан босатылған адамдар саны – 8, барлығы келісім шарт мамандары, өз еріктерімен жұмыстан босатылды – 8, зейнеткерлік жасқа толған - 1.

Жұмысқа Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 бұйрыққа сәйкес, қабылданған педагогтар саны – 4, қоса атқарушы педагогтар саны – 3, басқа персоналдар – 1 барлығы келісім шарт мамандары.

2025 жылдың қаңтар айынан айынан маусым айы аралығында: жұмыстан босатылған адамдар саны – 3, барлығы келісім шарт мамандары, өз еріктерімен жұмыстан босатылды – 2, зейнеткерлік жасқа толған - 1.

Жұмысқа қабылданған басқа персоналдар – 1 барлығы келісім шарт мамандары.

2024 жылы маусым айынан желтоқсан айы аралығында тәртіптік жаза қолданылған қызметкерлер: педагогтар саны – 4, басқа персоналдар саны – 1.

2024 жылы маусым айынан желтоқсан айы аралығында тәртіптік жаза қолданылған қызметкерлер: әкімшілік басқару персоналы – 1, басқа персоналдар саны – 3.

«Жаңатас көпсалалы колледж» МКҚК – ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» колледжге бекітілген Жарғы аясында және білім саласына қатысты ҚР басқа да Заңдарын, нормативтік – құқықтық актілері бойынша қызмет атқарады.

II. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:

Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша: Кәсіпорын басшысы өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады. Жеке құрам бұйрықтарға қатысты ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес жүргізіледі. Өндірістік

қажеттілікке байланысты бұйрықтар кәсіпорынының жалпы жұмысына қатысты және олар қандайда бір тәуекелдерді туындатуға алып келмейді.

III. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңға сәйкес, жұмыстар атқарылды.

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну – 367.

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру – 6.

3. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру- 23..

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру - 11.

5. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру – 0.

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау – 7.

7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау – 194.

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау - 30.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша сыбайлас жемқорлық қақтығысы орын алған жоқ.

IV. Есепті кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар Кәсіпорындағы фейсбук және инстаграм парақшаларына салынған, (сілтемелері көрсетілген).

V. Бақылау тексеру функцияларын іске асыру.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен мемлекеттік аудитті өткізуі, нәтижелері және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша тексеріс актілері:

Кәсіпорындағы тексерулердің нәтижелері (барлық тексерістер мен зерделеулерді кім жүргізді және қысқаша қортындылары 2024 жыл 01.06. – 31.12. – 2025 жыл 01.01. - 01.06. жыл аралықтағы кезең бойынша).

Жамбыл облысы әкімі Е.Қарашөкеевтің 2025 жылғы 14 қаңтар айындағы № 1 аудиторлық іс-шараны жүргізу бойынша тапсырмасына сәйкес, тексеру жұмыстары жүргізілді. Қарастырылған кезең: 2022-2024 жыл аралығы.

Тексеру жұмыстары:

Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит нәтижесінде бұзушылықтар анықталған. Қаржылық бұзушылықтар 20 985,0 мың теңге және тиімсіз 70 652, 4 мың теңге бірлікті құрады.

Тексеру барысында аталған бұзушылықтар орнына келтірілді.

Мемлекеттік аудит барысында жіберілген бұзушылықтар мен кемшіліктер үшін өздерінің міндеттерін дұрыс деңгейде атқармағаны үшін, тиісті қызметкерлерге тәртіптік жазалар қолданылды және аталған бұзушылық бойынша, бас есепші Жамбыл облысы Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің тарапынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы № 253100720000057 хаттама толтырылып, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық» туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі №235 Кодексінің 238-бабының 1 бөлігі 2-тармағымен айыппұл салынды. Айыппұл толық бюджетке төленді.

Анықталған бұзушылықтардың себептерін жоюға ұсынымдар:

1. Қазақстан Республикасының Заңнама талаптарын сақтау мақсатында мамандардың кәсіптік деңгейлерін жүйелі түрде жоғарылату, жұмыстарын ұйымдастыру (біліктілікті арттыру, семинарлар өткізу).

2. Қаржы ресурстарын тиімді пайдалану бойынша шаралар қабылдау.

VI. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

2024 жылдың маусым айынан – желтоқсан айы аралығында: 298,8 сағат сандары және 1,0 штаттық бірлік бос болды, оның ішінде 72,0 (*бір штаттық бірлік*) сағаттармен 4 (төрт) педагогтарға қатысты толық бірлікпенен педагогтар қабылданды.

36,0 сағатпенен 3 (үш) қоса атқарушы педагогтар жұмысқа уақытша қабылданды.

1,0 штаттық бірлікпенен басқа персонал қабылданды (оклад).

2025 жылдың қаңтар айынан – маусым айы аралығында: 1,0 штаттық бірлік бос болды.

1,0 штаттық бірлікпенен басқа персонал қабылданды (оклад).

Жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік сатып алуды қоса алғанда 2024 жылдың маусым айынан желтоқсан айы аралығында бөлінген қаражат 280557,00 теңге.

Жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік сатып алуды қоса алғанда 2025 жылдың қаңтар айынан маусым айы аралығында бөлінген қаражат 491930,00 теңге.

VII. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Кәсіпорынмен мемлекетті сатып алу бойынша портал арқылы шарттар жасалынды және өндірістік кәсіпорындармен меморандум жасалынды.

Бұл бойынша бойынша сыбайлас жемқорлық қақтығысы орын алған жоқ.

VIII. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Кәсіпорында қолданылып жатқан барлық ақпараттық жүйелер бойынша сыбайлас жемқорлық қақтығысы орын алған жоқ.

IX. Ұйымдастыру басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі Кәсіпорын басшысының тұрақты бақылауында.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмысшы топ төмендегі ұсынымдарды енгізеді:

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша жұмыстарды орындау барысында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларын сақтау және кадрларды жиі ауыстыру фактілеріне жол бермеу. Мерзімі – тұрақты.

2. Мүдделер қақтығысына жол бермеу. Мерзімі – тұрақты.

3. Кәсіпорыны Жарғысында бақылау функцияларын іске асыру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген талаптарды бұзбау. Мерзімі – тұрақты.

4. Кәсіпорынға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне мерзімінде жауап беру, өтініште көрсетілген мәселелер құзіретіне кірмесе, сол өтінішті заңнамаға сәйкес құзіретіне кіретін органға мерзімінде жолдау. Мерзімі – тұрақты.

5. Жұмыс барысында және жұмыстан тыс уақытта Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтау. Мерзімі – тұрақты.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Мерзімі – тұрақты.

Ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:

Директор

Директордың орынбасарлары

Бас бухгалтер

Кадр бөлімінің меңгерушісі

Мемлекеттік сатып алу менеджері

**Кадр бөлімінің меңгерушісі
комплаенс-қызметінің
офицері**



Н. Туйтебаева

Д. Коданов

А. Койлыбекова

А. Тойшибаева

Г. Айнекова

Г. Есжанова

А. Байтанова